

Сонымен қатар, инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асуы аясында ғылым мен техника жетістіктерін мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына қолданудағы жаңа мақсаттар мен міндеттерге негізделеді. Бұл аталған құжаттар жалпы инновациялық жетістіктерді қолданысқа енгізу шараларын реттеп, еліміздің көлік-коммуникация кешенін

Олардың әрбіреуіне жекеше тоқталайық. Кәсіптік мамандар құрамына сала бойынша арнайы білімі бар мамандар, қызмет көрсету бойынша жоспарлар мен болжамдар жасайтын, маркетинг сферасындағы мамандар, басшылар мен жаңашылдар жатады. Қаржылық ресурстарға жеке, инвестиция, несие ресурстары кіреді. Инновациялық бағытталған бөлімшелер ғылыми бөлімдер, конструкторлық бөлімдер, қызмет көрсету сапасын бақылайтын бөлімдерден тұрады. Материалдық-техникалық жабдықтың зерттейтін, экспериментальдық және лабораториялық құралдар жатады. Санаткерлік меншік қызмет көрсетудегі жаңалықтар, ұтымды және тиімді үлгілер, ноу-хау, инновациялық бағдарламалар, бизнес-жоспарларды қамтиды. Инновациялық қызметтің нәтижесін жоғарылататын қосымша көздерге ақпарат бөлімдері, ғылыми-зерттеу институттарымен, жоғары оқу орындарымен тікелей байланысы бар ақпарат бөлімдері, стратегиялық даму бөлімдері, жобаларды басқару бойынша тәжірибелер жатады.



Сурет. Иновациялық құрылымды дамыту элементтері

Бұл аталған иновациялық құрылымның элементтері көлік пен коммуникация салаларын иновациялық дамыту үлкен рөл атқарады. Егерде осы аталғандар толықтай жүзеге асырылса ғана, онда көлік және коммуникация салаларының иновациялық даму барысы оң нәтиже береді деп айтуға болады.

Иновациялық даму барысында болашақта өзекті мәселелердің бірі – ол әлеуметтік ғылыми қоғамдастықты қалыптастыру. Ол еліміздегі көлік және коммуникация салаларының орынықты дамуы үшін маңызды алғышарттарды құруды көздейді. Ол дегеніміз – саланың ғылыми-технологиялық жаңартуын жүзеге асыруға қабілетті мамандарды қайтадан даярлау негізінде жоғары кәсіптік мамандарды дайындау. Көліктегі әлеуметтік-ғылыми өрлеуге иновациялық қызмет негізінде, ал технологиялық өрлеуге – адамның дамуына қолайлы жағдайлар жасау есебінен жетеді.

Қазіргі таңда индустриялық-инновациялық қызметті дамытуда үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу керек. Соның бір мысалы, индустрияны дамытуда кластерлік дамытуды қолға алу.

Көптеген дамыған елдер өнеркәсіпті дамытудағы негізгі бағыт ретінде кластерлерді қалыптастыру мен дамытуды ұстана білді. Кластер дегеніміз – қосымша құн жасаудағы өзара байланысты өндіруші,

тасымалдаушы, тұтынушы, зерттеу институттар тізбегі [3].

Қазіргі уақытта елімізде 7 кластерді құру, дамыту бойынша жоспарлар қалыптасқан, бекітілген. Олардың қатарына: азық-түлік өнімдерін өндіру кластері, мұнай-газ машина құрылысы өнімдерінің кластері, туристік қызмет көрсету, тоқыма өнімдері өндірісінің кластері, құрылыс материалдарын өндіру кластері, көлік-логистика қызметі кластері. Осылардың ішінде біз үшін көлік-логистика қызметінің кластері аса қызығушылық танытады.

Көлік-логистика қызметінің кластерін құруда және оны дамытуда келесі мәселелерді шешу қажеттігі туындайды:

- инфрақұрылымда – негізгі қорлардың тозуы, көлік-коммуникация инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы, халықаралық көлік коридорларын орналастыру, Дружба бекеті арқылы жүк ағынының төмен деңгейі;

- әкімшілікте – нормативті-құқықтық базалардың жетілмеуі, халық тұтынатын тауарларды(әсіресе азық-түлік өнімдері) импорттауда әкімшілік кедергілердің жоғары болуы, көлік рыногына қатысушыларға нақты талаптардың болмауы, негізгі қорларға салынатын жоғары салықтар;

- адам капиталы ресурстарында – көлік салалары үшін мамандардың жетіспеуі және

нашар дайындалуы;

— капиталға мүмкіндікте — ішкі ресурстарының, лизингтің қымбатшылығы, көлік инфрақұрылымын қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламаларының болмауы, қаржы ресурстарына мүмкіндіктің болмауы;

— сыртқы қызметте — мемлекет аралық қарым-қатынастың жеткілісіз дамуы.

Жоғарыда аталған мәселелер көлік саласының дамуының әлеуетін ашуға көмектеседі және оның транзиттік дамуын тек қана Орталық Азияда емес, сонымен қатар Таяу Шығыс елдерінде де байланыстырады. Әрине, осы аталған мәселелер шешімін тапса, саланың инновациялық дамуы жоғарылайды.

Елімізде инновациялық қызмет негізінен инвестицияларды тарту негізінде жүзеге асады. Сондықтан біз инвестиция мәселесіне тоқталсақ. Инвестициялар Қазақстан Республикасының экономикасын көтеруде және дамытуда басты рөл атқарып келеді. Олардың көмегімен тауарлар мен қызметтердің өндірісін өсіруге, жаңа технологияларды әзірлеуге, мемлекеттің басқа аймақтарын дамытуды арттыруға болады.

«Республиканың индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған Стратегиясына» сәйкес, индустриялық-инновациялық саясат артықшылықтарын анықтауда, инфрақұрылым салаларының инвестициялық әлеуетін пайдалану белгіленген.

Инвестициялық саясаттың ұзақ мерзімді және басыңқы мақсатында экономиканың әр түрлі саласының теңгерімшілігін дамыту арқылы үлкен жетістіктерге жетуге болады. Республика экономикасы үшін инвестициялардың маңызы халықаралық рынокқа шығумен және экономиканың сала аралық құрылымын болашақта оңтайландырумен шектеліп қана қалмайды. Еліміздің аумағы ұлан ғайыр, инфрақұрылымының дамуы жеткіліксіз, сондықтан оны нығайту қажеттілігі туындайды.

Инвестициялар нәтижесінде мемлекеттік табыстардың артуы мемлекеттің жалпы әлеуметтік-экономикалық өсуіне, тұрғындардың өмір сүру сапасының артуына, жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндіктерін құруға жағдай туғызады. Сонымен бірге әлеуметтік қажетті шығындарды азайтады және жұмыс орындарын құру, жұмыссыздықтың азаюы жанама түрде психикалық аурулар, қылмыс сияқты қоғамның әлеуметтік дерттерін азайтуға септігін тигізеді. Инвестицияны тарту артта қалған депрессиялы аудандардың дамуына жағдай жасайды.

Қазақстанның инвестициялық саясаты әлемдік шаруашылықтағы ғаламдану жағдайында, отандық экономиканы бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға мүмкіндігін туғызу, өз кезегінде қолайлы инвестициялық ахуалды

қалыптастыру және экономиканың шикізат емес саласын дамыту мақсатында мемлекеттің инвестициялық саясатын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар, инвестициялық ахуалды одан әрі жақсартуда экономикаға инвестициялар тарту мен оларды тиімді пайдаланудың жоғары деңгейіне қол жеткізу, инфрақұрылым салаларына олардың көлемін ұлғайту мәселелері алға қойылуда.

Қазіргі таңда инфрақұрылымдық қызмет көрсетулер саласының дамуында және оларды инвестициялауда әлі де көптеген кемшіліктер байқалады. Әрбір қызмет көрсету салаларында, әрбір кәсіпорында инвестициялық қиындықтарды жеңу құралдары мен жаңа жолдарды іздестіру және қаржылай ресурстармен қамтамасыз етілу қажет. Әлеуметтік-мәдени салаларда бұл мәселелерді шешу бюджет есебінен қаржыландыру үлесінің өсуімен және қайырымдылықпен (меценат) байланысты.

Қызмет көрсету саласындағы инвестицияның рөлі, ол сол қызметті көрсету кәсіпорындарында айқын байқалады. Мысалы, көлік және коммуникация кәсіпорындарының жоғары инвестициялық белсенділігі үшін үнемі құралдарды жаңарту, қызметті жетілдіру, жаңа қызметті игеру, персоналды оқыту сияқты мәселелер шешімін табу инвестициясыз мүмкін емес. Ізінше көлік пен коммуникация кәсіпорындарының бәсекелестік қабілеттілігін көтеру, олардың рыноктық қатынастардағы орынын бекіту кеңейту көбінесе инвестицияны жұмылдыруға байланысты болады. Егер қызмет көрсету салаларына инвестицияны тарту, тартылған қаражатты мақсатты пайдалану жүзеге асқан жағдайда, ол еліміздегі халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартудың бір көзі болатыны сөзсіз. Экономикамызда болып жатқан өзгерістер инвестициялық тетіктің барлық жақтарымен жанасуда. Әсіресе, инвестицияның білім, ғылым, денсаулық, көлік және коммуникация салаларына әсері зор. Өндірістік және әлеуметтік салаларды көтеру, елдің жағдайын жақсарту — экономиканы дамытудың негізгі мақсаты.

Экономикаға, соның ішінде инфрақұрылымға енгізетін тікелей инвестициялардың салыстырмалы көлемін (Қазақстан аумағы бойынша) үлкен саяси және макроэкономикалық тәуекелдермен түсіндіруге болады. Бұл жағдай елде тұрақты, саналы және қысқартылған жағдайдың құрылуы тұтынушы үшін әрдайым тікелей тиесілі, әрі бизнес сұраныстарымен ерекше анықталатын тиімділікке ұмтылу барысында баламалы нарықтық инфрақұрылымды құруға тікелей байланысты болатын тұжырымның алға қойылуымен белгіленді. Ол эконо-

инфрақұрылымның дамуына байланысты.

Бүгінгі күні бюджет әлеуметтік инфрақұрылымды толығымен қамтамасыз етуге кететін барлық шығындарды өзіне жүктеуге қабілетсіз. Бір жағынан мемлекет халықтың (әсіресе тұрмысы нашар бөлігінің) мүддесін қорғауға және оларға әлеуметтік қызметтердің ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті, сондықтан ол әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін өзін-өзі қаржыландыруға толығымен өткізе алмайды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық кешенінде туындаған жағдай инфрақұрылымның объектілерін қаржыландыру бойынша бірегей басқа амалдарын қолдануды талап етеді. Мысалы, оң әсер инфрақұрылымның объектілеріндегі инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттің және жеке капиталдың әртүрлі нысандағы өзара әрекеттерін дамыған шетелдердің көп жылғы шаруашылық тәжірибелерін алып, пайдалануға жеткізуі мүмкін. Оларға жекешелендіру, концессиялық жобалар, франчайзинг жүйесі, келісім-шарттық жүйе және лизинг жатады.

Соңғы жылдары инвестициялық жобаларды іске асырудың әлемдегі тәжірибесінде концессиялық келісімдер кеңінен таралған, инвестициялық үрдістің түрлі сатыларындағы оның тиімділігі мемлекет тарапынан бақылаумен үйлеседі. Осы үлгіні қолдану өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жеке капиталды белсенді тарту қажеттілігімен (мемлекеттің шектеулі қаржылық мүмкіндіктері шегінде) ұсынылады. Бұл механизмді қолдану саласы кең таралғандығын айтуға болады.

Экономистер инфрақұрылымды дамытуға жұмсалатын инвестицияларды, өндірістің көбеюімен емес, осы инвестициялар есебінен шығындарды төмендетумен салыстыруды ұсынады. Инфрақұрылымның қызмет ету тиімділігі шығындардың төмендеуінде, кірістің артуында және ЖІӨ нақты өсуінде анық байқалады. Инвестициялар инфрақұрылымды дамытудың негізгі көздерінің бірі. Сондықтан республикада экономикалық өсудің басым саясатын іске асыру барысында инвестициялардың сыртқы да, және ішкі көздері қолданылады. Еліміздің шикізатты экспортқа шығаруда маңызды әрекет ететіндігі технологиялық және өндірістік әлеуеттің тиімсіз қолданылуын дәлелдейді. Олай болса, Қазақстанда инвестициялар салу бойынша тартымды сала мұнай және табиғи газ өндіру (негізгі капиталға енгізілетін жалпы инвестициялар көлемінің 32,9 пайызын құрайды), жылжымайтын мүліктерге қатысты операциялар (21 пайыз) болып табылады.

Кесте. Қазақстан Республикасындағы инфрақұрылымның кейбір салалары бойынша негізгі



капиталға салынған инвестиция

Салалар	Жылдар:				
	2010	2011	2012	2013	2014
Барлық салалар бойынша, млн. тенге	1099986	1327864	1703684	2420976	2810277
оның ішінде:					
– денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету, %	0,4	0,2	0,3	0,2	2,1
– млн. тенге	4939	2425	5001	5819	58206
– көлік және байланыс, %	11,1	12,3	11,4	8,1	13,5
– млн. тенге	121613	163112	194171	195531	380582
– білім беру, %	0,7	0,7	0,5	0,4	1,6
– млн. тенге	7976	9156	7704	9979	43942
– арнайы, коммуналдық, әлеуметтік қызмет көрсетулер, %	0,6	0,8	0,8	0,5	2,2
– млн. тенге	6465	10667	14172	13016	60058

Алайда, инвестицияны дамыту қарқынын әрі қарай жетілдіру үшін инвестицияның көп бөлігін тек мұнай-газ және металлургия секторларына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылым салаларына да көбірек тартылғаны абзал.

Қазіргі таңда ішкі қаржы ресурстарының жетіспеушілігіне байланысты мемлекеттің экономикалық саясатында шетел инвестицияларын тарту және қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру басты бағыт болуда [4].

Экономикаға шетел инвестицияларын тарту өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және өзге де салалардағы инвестициялық жобаларды несиелеудің маңызды көздерінің бірі болып табылады. Шетелдік инвестициялар өндірістік аппаратты жаңа ғылыми-технологиялық негізде қайта құрып, тауар және қызмет өндірісінің дамуын жеделдетеді. Мұндай жетістіктерге инвестицияны экономикаға ұтымды тарта білгенде және тартылған инвестицияны тиімді таратып, үлестіре білгенде ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі заманғы Қазақстан Республикасы инфрақұрылымын дамыту үшін шетелдік инвестициялардың мәні арта түсуде. Халықаралық бірігу және ғаламдану кезінде кезкелген елдің әлеуметтік-экономикалық даму

жетістігі ұлттық шетел инвестицияларының тиімді жұмыс істеуіне байланысты.

Аталған бағыттардың жүзеге асырылуы республикадағы отандық көлік және коммуникация салаларының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Инфрақұрылым салаларының инновациялық дамытудың басты мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын көтеріп, келешекте экономикалық дамудың алғышарттарын жасау болып отыр. Ол арқылы экономиканы, әлеуметтік салаларды дамытудың нақты деңгейін көтеруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Нұрғалиева А.А. Ауылдық аудандарда әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі // монография. – Паводар, 2011. С. 176

2 Керімбек Ғ.Е. Ауыл шаруашылығы саласында өндірістік кәсіпкерлікті ұйымдастыру – экономикалық тұрғыда жетілдіру // диссертация – Алматы, 2010. – С. 19-20.

3 Ахметова Г.И., Кереев А. Экономикалық қатынастар жүйесіндегі инфрақұрылымның даму мәселелері // диссертация – Алматы: 2008. – 95-98 бб.

4 Кошанов А.К. Устойчивое развитие экономики Казахстана в условиях глобализации // Саясат, 2001, №2. – С. 14-18.

